

Абай ЮНЕСКО төрінде

Қызырбек ДҮРГІНБАЙҰЛЫ

Абай Құнанбайұлының шығармалар жинағы БҰҰ-ның ресми алты тіліне аударылды. Ақынның шығармалар жинағын Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-дағы тұрақты өкілі Жан Ғалиев Ұйымның Бас директоры Одри Азулеге тапсырып, кітаппен қоса «Сәукеле» панносын сыйға тартты.

Өткен жылы Президент тапсырмасына орай Абай Құнанбайұлының шығармалар жинағын «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры Біріккен

Ұлттар Ұйымының алты ресми тіліне аударған. Ақынның 175 жылдық тойына орай жарық көрген жинақты елші ЮНЕСКО басшысына арнайы табыстады.



ЮНЕСКО басшысы ақын шығармашылығына жоғары баға беріп, оның әлем әдебиеті қатарына қосылған сүбелі туындылардың бірі екенін айтты.

Сондай-ақ соңғы жылдары қазақтың салт-дәстүрі мен мәдени мұралары бүкіл әлем жұртының мәдени құндылықтарының қатарына қосылып келеді. Абайдың алты тілге аударылған шығармасымен қатар «Сәукеле» панносы да ЮНЕСКО төріне жетті.

Ол қазақтың салттық киімдерінің қатарындағы ең бағалысы екенін ЮНЕСКО басшысына елші мақтаншыспен жеткізді.

Сыйға тартылған «Сәукеле» панносының Ұйым хатшылығының мұражайынан лайықты орын алатыны айтылды.

